

Хабарландыру

Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы №103 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнаманың шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін іске асыру арқылы нарық субъектісін құру туралы мүддесін білдіруін сұрату мақсатында, «Шымкент қалалық опера және балет театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жаңадан құрылатыны туралы хабарлайды.

Кәсіпорын қызметінің мәні - мәдениет саласында өндірістік – шаруашылық қызмет көрсету.

Кәсіпорынның мақсаты мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, халыққа опера және балет өнері арқылы тарихи-мәдени құндылықтарды жеткізу, опера және балет өнерін дамыту, жаңа дарынды тұлғаларды таныту және отаншылдық пен Отанға деген сүйіспеншілік идеясы негізінде Қазақстан халқының мәдениетін өзара байыту мен жақындастыруға барынша ықпал ету болып табылады.

Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) әлемдік музыкалық материалдар бойынша концерттік бағдарламалар мен спектакльдер дайындайды;

2) ұлттық мәдени мұра мен опера және балет классикасын кеңінен таратуды қамтамасыз етеді;

3) қазіргі заманғы қазақ авторларының таңдамалы шығармаларын насихаттайды;

4) халық арасында мәдени ағартушылық жұмыс жүргізеді;

5) мәдени саладағы өндіріс цехтарын ашу, оның өнімдерін сату;

6) репетиторлық, студиялық ақылы қызметтер көрсетеді.

Кәсіпорынның құрылтайшысы - Шымкент қаласының әкімдігі.